



Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының құрамын ішінара өзгерту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 17 ақпан N 2204. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.10.20. N 2565 Жарлығымен. ~U952565

Қазақстан Республикасы Президенті Резиденциясының пайдалануға берілуіне байланысты және республика Президенті мен Үкіметінің қызметін ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттырып, оны жазып көрсетуді сапалық жағынан жақсарту мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі құрамында телерадио кешені құрылсын;

Телерадио кешенінің жауапты және техникалық қызметкерлерінің

қосымша штат саны тиісінше 7 және 28 адам болып, ал олардың лауазымдық жалақысы қосымшаға сәйкес анықталсын.

Телерадио кешені адам құрамының лауазымдық жалақысына ерекше жұмыс режимі үшін 30 процент мөлшерінде үстемақы белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратын ұстауға қосымша қаржы бөлсін.

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысы штат кестесіне тиісті өзгертулер енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1995 жылғы 17 ақпандағы

N 2204 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз
қызметі телерадио кешенінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

және оның қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы

N	Лауазым атауы	штат	лауазымдық
рс		саны	жалақы
			(теңге)

1.	Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі басшысының орынбасары телерадио кешенінің басшысы	1	4300
2.	Телерадио кешені басшысының орынбасары	1	3900
3.	Сектор меңгерушісі	5	3750
4.	Жетекші инженер	9	3300
5.	I санаттағы инженер	4	3125
6.	Бейнережиссер	3	3000
7.	Дыбыс режиссері	3	3000
8.	Телеоператор	4	3000
9.	Әкім	2	2600
10.	Бейне фонотека меңгерушісі	1	3000
11.	Аға маман	1	2250
12.	Аға маман - қойма меңгерушісі	1	2250